

УДК 373.5

Узбекова Айнаш Сапаровна

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің жоғары санатты мұғалімі, ШҚО, Аягөз ауданы, Тарбағатай ауылы, «Тарбағатай жалпы білім беретін орта мектеп» КММ
e-mail:Ainash_uzbekova@mail.ru

Кошкимбаева Алия Амановна

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің жоғары санатты мұғалімі, ШҚО, Аягөз ауданы, Тарбағатай ауылы, «Тарбағатай жалпы білім беретін орта мектеп» КММ

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА ЗЕРТТЕУ САБАҒЫНЫҢ ТӘЖІРИБЕСІ

Бұл мақалада мектептегі зерттеу сабағы туралы жазылған. Сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдер, олардың тиімділігі жайында баяндалған. Мұғалімнің, оқушының іс-әрекеті, жеткен нәтижелері айтылған. Жұмыс топтары, олардың жұмысының нәтижелері көрсетілген.

Түйін сөздер: зерттеу сабағы, Lesson study, әдіс-тәсілдер, зерттеу тобы, зерттеу тәсілдері, бақылау.

В данной статье дана методика школьного исследовательского урока. На уроке были изложены методы и приемы, применяемые на уроке и их эффективность. Были озвучены результаты деятельности учителя, ученика. Указаны рабочие группы, результаты их работы.

Ключевые слова: урок исследования, Lesson study, методы и приемы, исследовательская группа, методы исследования, контроль.

This article is about a school research lesson. The lesson outlined the methods and techniques used in the lesson, their effectiveness. Results of activity of the teacher, the pupil were sounded. The working groups and the results of their work are indicated.

Key words: lesson research, Lesson study, methods and techniques, research group, research methods, control.

Сабақты зерттеу мұғалім тәжірибесі саласындағы білімді жетілдіруге бағытталған, мектепте жүргізілетін іс-әрекеттегі зерттеудің ерекше түрі болып табылады. Бұл тәсіл «сабақты жоспарлау, сабақ жоспарын талқылау, зерттеу сабағын өткізу, сабақтан кейінгі талқылау үдерістерін қамтиды». Осы іс-әрекеттер арқылы «оқыту мен оқу тәжірибесін жетілдіруді, соның нәтижесінде түпкі мақсат – оқушылардың оқу үлгерімін арттыруды», - көздейді. Білім-теңіз, мектеп - кеме демекші, сол кемеді бірге жүзіп келе жатқан әріптестермен бағытымыздың дұрыстығына көз жүгіртіп, оқушыларымыздың білімді болып шығуын көздей отырып, бірлесе жұмыс жасап, зерттеу жұмыстарын қолға алуға біз де кірістік. Зерттеу тобымыздың ережесін құрдық. Ережені бірлесе құрғандықтан, ол ортақ қолдауға ие болды. Сыйластықпен, бір-бірімізді уақытымызды бағалап, бірлесе жұмыс жасауға тырыстық.

Сабақты зерттеу тобына бір сыныпқа сабақ беретін түрлі пәндер: математика, музыка, қазақ тілі, ағылшын тілі мұғалімдері кірді. Ең бірінші өзіміздің алдағы уақытта қандай тақырыпты зерделейтінімізді шешіп алуға тырыстық. Бұл үшін мұғалімдердің әрқайсысы сол сыныпқа байланысты өз сабағында бар

проблемасымен бөлісті. Өздерінің тәжірибесінде кездесетін оқуға немесе оқытуға, оқушы мінез-құлқына, оқушының оқуға деген белсенділігіне қатысты қиындықтары жайлы айтты. Оқыту тәжірибесіне өзгеріс енгізуге үшін 5-сыныпқа осы жылы жаңа оқу бағдарламасын іске асырудағы қиындықтары туралы айтылды.

Зерттеу сұрағын қарастырған кезде нақты өзекті мәселе деп оқушылардың сабақтардағы белсенділігінің төмендігіне бірауыздан тоқтадық. Сонымен қатар, зерттеу тобы белгілі бір пән бойынша құрылмағандықтан, зерттеу жүргізілетін пәнді бірінші кезекте таңдап алдық. Одан кейінгі кезекте зерттеу тобы зерттеу сабағының бөлімі мен тақырыбын анықтады. Сабақтың мақсаты мен зерттеу мақсатын белгіледі. Зерттеу мақсатын белгілер кезінде алдымызға бұл зерттеуден не күтеміз- деген сауал жазылған парақ таратылды. Біздер өз күтетін нәтижелерімізді жазып, топта оқып бердік. Енді мақсаттарымызды орындайтындай ортақ мақсатты таңдау жеңілдегендей болды. Мұғалімдер өздерін толғандыратын мәселені таңдады. Зерттеу тобы бұл мәселеге топ өз жұмысын арнап, жұмыс жасайтынын іштей сезгендіктен, шын мәнінде зерттегіміз келетін, түзеткіміз келетін мәселе болғаны дұрыс деген

оймен белсене жұмыс жасадық. Жалпы жұмысымызды қорыта келе, оқушыларымыздың не ойлайтыны туралы білетін болдық. Қадағалау барысында немен айналысып отырғанына, басқа оқушылармен қалай қарым-қатынасқа түсетінін, сол пәнге қызығушылығы қалай екеніне көз жеткізуге тырыстық. Және соны сабақтан кейінгі талқылауда айтып, оның келесі сабақтың жоспарына өзгеріс енгізуге әсері бар ма деген тұрғыда қарауға тырыстық. Келесі сабақтың мазмұнын жақсарту үшін, топтың әр мүшесі өз

іс-әрекеттеріне жауап беріп, талқылауға белсене араласа білді. Тәжірибені жетілдіру жолында әрқайсымыздың аларымыз орасан көп болды десек артық айтқаным емес. Түрлі әдістерді соның ішінде «Магнитті деректер», «Сүзгі», «Түрен салу», «Хан жарлығы», «Попс формуласын» қолдана отырып, өткізілген әрбір сабақ соңында оқушы үніне құлақ түруге тырыстық.



Оқушыларымызға не керек? - деген сауалға оралып отырдық. Ұстаздарымыз алдыңғы сабақтағы талқылауында жоспарлағаннан қалып қалмайын деп оқушылардың белсенділігіне аса мән бермесе, келесі талқылаулардан кейін осы олқылық орны жабылып, оқушыға жұмыс жасауды қолға алдық. Оқушыны қолдап, ынталандыра отырып, сабақ үстінде сұрақ туындайтындай, сұрағына жауап іздей алатындай күйге жеттік десе де болады.

Оқушылар бойында ұстаздарға деген сенім, өздерінің проблемасын шешісуге көмектесетін көмкеші дос ретінде танитын сенімділік орнады. Белсенді әдіс-тәсілдер оқушы оқуына жұмыс жасады. Талдау кезінде бақылаушы мұғалімнің соңғы жазбаларынан дерек келтірейін. «Оқушым сабақтың басынан бастап, көңіл-күйі тамаша болды. Өзін еркін ұстады. Өзіне-өзі сенімді болды. Топ басшылығын бірден өз қолына алды. «Сүзгі» әдісінде белсенді болды. Әңгімені толық меңгергені көрініп тұр.



Оқушым жанындағы сыныптастарына сұрақтар қойып, әр жауабының дұрыс, бұрыстығына анық көзін жеткізіп барып жұмыс жасады. Оқушының өзімен сұқбаттасқанда анықталғанындай, осы әдіс-тәсіл оған қатты ұнаған. «Түрен салу» әдісі оқушы өзі айтқандай өте тиімді болды. Әңгіме

мазмұнын толық білетінін көрсетті» - деп бақылаудан кейінгі талқылауда айтқаны. Ал осы оқушымыз бірінші сабақта, «Магнитті деректер» әдісінде мүлде өзімен-өзі болып сабақта белсенділік танытпады. Оқушымен сұқбатта бұл әдіс тез-тез жұмыс жасауды қажет ететіндіктен, мен өзімді ыңғайсыз сезіндім,

қалып қаламын ба деген қорқыныш басым болды деген еді. Біз сол оқушы айтқанына құлақ асып, әдістерді азайтып тапсырмалар санын шектеп, әр әдіске уақытты көбірек бөлуге тырыстық. Оқушылардың белсенділігіне жақсы әсер еткен, тиімді жұмыс болды. Оқушылардың белсенділігіне тікелей қатысы болған жағдай, бағалау әдістері деген шешімге келдік. Дұрыс жолға қойылған бағалау тәсілдері де оқушылардың белсенді болуына жұмыс жасады. Тиын арқылы бағалау кезінде, оқушылар банк қалташаларына өздерінің алған әр тиынын салу арқылы топтың жұмысына үлестерін қосқанын сезіп, белсенді бола түсті.

Рухани жаңғыру эмблемасына таратылған мозайка қиындылары арқылы бағалау да, оқушылардың қызығушылығын арттырды. Зерттеу барысында олардың бағалаулардың

қолма-қол берілгені де тиімділігін көрсетті. Сабакты зерттеу тәсілінің біздің топ үшін, мектеп үшін маңызды болғанын ұстаздармен болған сұқбатта анықталды. Ұстаздар өздерін көрсете алатынына, зерттеу нәтижесімен бөлісулері арқылы идеялары мен ізденістері өзгелерге қажет екеніне көздері жетті. Ұстаздар оқушылардың белсенділігін арттырумен қатар өздерінің бойынан көшбасшы, бақылаушы, сыншы қасиеттерін ашқанын, өзінің маңыздылығын сезінуге шабыттандырған жұмыс болғанын айтты. Біздің топтың зерттеуінен кейін, мектебімізде қазір төрт топ құрылды. Бұл топтардың жұмыстарына тобымыздың әр мүшесі көмекке келді. Осы көмек барысында біздің жұмысымыздың бекер болмағанына сеніміміз артты.

Узбекова Айнаш Сапаровна

Лауазымы: қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің жоғары санатты мұғалімі, «Тарбағатай жалпы білім беретін орта мектеп» КММ.

Пошталық мекен-жайы: 070209, ШҚО, Аягөз ауданы, Тарбағатай ауылы

ұялы. тел: +77476405053

Кошкимбаева Алия Амановна

Лауазымы: Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің жоғары санатты мұғалімі, «Тарбағатай жалпы білім беретін орта мектеп» КММ.

Пошталық мекен-жайы: 070209, ШҚО, Аягөз ауданы, Тарбағатай ауылы

ұялы. тел: +77787390407

Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында зерттеу сабағының тәжірибесі

Узбекова Айнаш Сапаровна

Должность: учитель казахского языка и литературы, Тарбагатайская средняя общеобразовательная школа

Почтовый адрес: 070209, Восточно-Казахстанская область, Аягоский район, село Тарбагатай

сот. тел: +77476405053

Кошкимбаева Алия Амановна

Должность: учитель казахского языка и литературы, Тарбагатайская средняя общеобразовательная школа

Почтовый адрес: 070209, Восточно-Казахстанская область, Аягоский район, село Тарбагатай

сот. тел: +77787390407

Опыт исследовательского урока на примере урока казахского языка и литературы

Uzbekova Aynash Saparovna

Position: teacher of the Kazakh language and literature, Tarbagatai Secondary School

Mailing address: 070209, East-Kazakhstan region, Ayagoz district, Tarbagatai village

honey comb. tel: +77476405053

Koshkimbaeva Aliya Amanovna

Position: teacher of the Kazakh language and literature, Tarbagatai Secondary School

Mailing address: 070209, East-Kazakhstan region, Ayagoz district, Tarbagatai village

honeycomb. tel: +77787390407

Experience of a research lesson on the example of a lesson of the Kazakh language and literature